



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Подсекция 5.4 Тюркология

ӘОЖ 398.5=811.512

САХА ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ОЛОНХО ЖАНРЫ, ОНЫҢ ЖЫРШЫЛАРЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Ақниет Камал Амантайқызы

aknietkamal@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті

Түркітану кафедрасының 5В021014- «Шетел филологиясы»

мамандығының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Жалмырза

Сахалар (якут) қазіргі таңда Ресей Федерациясы құрамындағы Саха Республикасында өмір сүретін және «саха» ретінде танылған түркі халқы. Саха халқының ең маңызды эпикалық жыры – «Олонхо» дастаны. Олонхо сахалар үшін дастан ғана емес, сонымен қатар олардың тарихы, тілі, наным-сенімдері және ұлттық мәдени қазынасы болып табылады. Саха олонхосы әрқашан фольклор мен мифология салаларындағы ізденістер барысында зерттеушілердің назарынан тыс қалған емес. Олонхо тек қана батыс және түрік түркітанушы ғалымдары үшін ғана емес, орыс, қазақ ғалымдары үшін де құпия сырларға толы, зерттеуді қажет ететін нысан қатарына еніп отыр.

Түркі халықтар әдебиетінде тек саха түріктеріне ғана тән «Олонхо» деп аталатын әдеби түр. Олонхоның екі мағынасы бар: бірі – саха халқының ежелгі батырлық аңыздарының жалпы атауы болса, екіншісі – «айыы аймаға» деп аталатын саха тайпасындағы батырлардың ерліктерін баяндайтын, сондай-ақ «абаасы аймаға» атты қара тылсым күштерге қарсы күресетін батырлар туралы аңыз болып табылады. Олонхо мифология және тарихи негізде дамыған батырлық эпостар аралығындағы жанрлық түр саналады. Ғылыми әдебиеттерде бұл жанрлық түр «саха елінің олонхо батырлар жыры» деп танылып келеді, ал оны баяндаушылар «олонхосуттар» деп аталынады. Олардың ішінде ең танымалылары ретінде Т.В. Захаров-Чээбий, Н.А. Абрамов-Кынат, т.б. атауға болады. Якутияда қазіргі кезде көзі тірі екі-ақ олонхо-жыршы қалған.

Сонымен, олонхо дегеніміз - саха (саха) халқының мифология және тарихи негізде дамыған батырлық эпостары аралығындағы жанрлық түр болып табылады.

Саха түріктерінде олонхоны орындаушыларды олонхосуттар деп атап, ерекше құрмет көрсетеді. Олар көбіне көпті көрген, ауыз әдебиеті үлгілерін бойына сіңірген ақсақалдар болып келеді. Якутия жерінің әрбір ауылында бірнеше олонхосут-ақсақалдар өмір сүрген. Олардың әрқайсысы өзіндік репертуарында бірнеше (кейде ондаған) олонхо жырларын білген. Олонхосуттардың орташа есеппен алғанда, жырлары 10-15 мың шумақтан тұрған. Ең көлемді олонхо жырлары 20 мыңнан астам шумақты өлеңдерден құралған. Олонхо жыры 2 күн, 2 түн тіпті 1 айға дейін созылып орындалған. Бұл жырды ядыхан аталатын көп сым ішекті аспаптың сүйемелдеуімен әндетіп, кейде тақпақтап жеткізген. Мұндай ұзақ орындалатын жырды бір ғана адам орындайтын болған. Саха олонхосут-жыршылары түрлі сюжеттер арқылы өткен ерте заманда ең ірі олонхо жырларын ауыздан-ауызға жеткізіп, халық мұрасы ретінде сақтап келген. Алайда олар туралы нақты мәліметтер сақталмаған. Бірақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтауды қолға алған зерттеушілердің жазбалары арқылы кейбір жыршылар туралы ақпараттар жазыла бастады.

Олонхо жырын сол сияқты үлкен думанды той-тоймалақта орындайды: аң аулауға, жылқыны суытқанда, түрлі жорыққа шыққанда, әсіресе ысыах және үйлену тойында орындалатын.

Якут – саха халқының көне замандардағы аңызы бойынша аспанды құдайлар мен абаас атты жын- шайтандар билесе, жерді адамдар, ал жер астын құбыжықтар жайлайтын болған. Олонхо жырында осы үш әлемнің бір-бірімен күрес-тартысы баяндалады. Олонхоның әрбір

жыры батырлар атымен аталады. Олар: «Ербехтей Мерген», «Нюргун батыр» және «Ер Соготох». Якут-Саха халқының «Нюргун Боотур» атты жырында батырдың ерлігі баяндалады.

Якут-Саха халқының «Ер-Соготох» атты жырында батыр Ер- Соготохтың ерлігі баяндалады. Ер-Соготохтың Күн патшалығының бахыты үшін абаас атты жын батырларымен шайқасады. Абаастар – жер бетіне қайғы-қасірет, ауру-сырқау, ауыр зардаптар жіберетін жын–шайтандар екен. Абаастар адамдарды әр түрлі айла-тәсілдерімен бір-біріне айдап салып, оларды естері ауғанша қинайтын болған. 45 Бір күні абаастар Ер-Соготохтың ерлігіне қарсы тұра алмай оған бір айла қолданады. Олар Ер Соготохқа Темір Бухатыр атты құбыжықты жұмсайды. Абаастар Ер-Соготохтың қарындасын әйелдікке сұра деп отты көлдің билеушісінің баласы құбыжық Темір–Бухатырға ақыл айтады. Ер-Соготох қарындасын құбыжыққа беруден бас тартады. Бірақ Темір- Бухатыр қарындасын ұрлап алады. Ер-Соготох қарындасын қайтару үшін Темір-Бухатырға аттанады. Жолай абаастар Ер-Соготохтың алдын бөгейді. Ер-Соготох олармен шайқасқа түседі. Абаастар Ер-Соготохты алдап отты көлге тастайды. Бірақ Ер-Соготох өзінің ақыл-айласы мен батырлығының арқасында абаастардың және Темір-Бухатырдың көзін жояды. Сөйтіп, Ер- Соготох өзінің Күн патшалығын абаастардың зардабынан құтқарады. [1, 16]

Олонхода адамдардың алғашқы қауымдастығы, жер бетіне пайда болуы жазылған. Адам жер бетіне пайда болған кезінде, өмір сүру үшін, алдында кездескен түрлі кедергілерді, олардың ары қарай аяққа тұрып кетуі сипатталған. Олонхода көрсетілгендей аталған кедергілер, ол елді шырқын бұзатын зұлымдар. Олар барлық тіршіліктің көзін жоятын және бұзатын надандар болып табылады. Адамдар, елдегі зұлымдардан тазартуы тиіс болған, нәтижесінде елде тыныштық пен бейбітшілік орнатып, бақытты өмір сыйлауға тиісті болды. Адам алдында тұрған, осындай мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін, үлкен жауаптылықты өз мойындарына алған.

Сол себепті олар өзгеше, құдай жіберген ғажайып батыр болуға тиісті болған:

Ұлысты күннен

Қорғайтын,

Адамдарды өлімнен

Сақтайтын

Олонходағы бірінші адам – батыр

деген сөз осыдан қалған .

Батыр және оның тайпасын құдай жаратқан деседі. Сондықтан, батырдың шыққан тайпасыен «айыы-аймага» («Құдайдың туыстары») деп атап кеткен. Тайпаның бұлай «айыы-аймага» деп аталуы, Якутия ата–бабасының – Олонхо негізін қалағанын дәлелдейді.

Өзінің жоғары мансабына сәйкес белгіленген Батыр, тек күшті емес, сол сияқты келбетті, әдемі, қайратты, сымбатты болған.

Олонхода көрсетілген кейіпкердің сырт келбеті мен оның ішкі жан дүниесі бейнеленеді. Сондықтан Нюргун батырды - Нюргун Боотур Талапшыл деп:

Найза сияқты, тікті,

Талпынған садақ сияқты,

Адамдар арасында үздік

Ерлер арасында мықты,

Адамдар арасында Әдемі,

Адамдар арасында Ерікті

Ол оған тең емес ешкім

Әлемдегі батырлар.

деп сипаттаған

Аталған батырымыз қатерлі күресуші жауынгер, жетекші мықты болған. Сондықтан, адамдар оның құдіретіне және өзіне бағынған. Олонхода оның батылдығы мен жылдамдығы жырланған. Егерде батыр адамдарды барлық жамандықтан қорғайтын мейірімді болса, ал «абаасы-аймага» тайпасының төрағалары («туыстарын») зұлым және бір аяқты, бір қолды

циклоп сияқты қатыгез адам деп суреттеген. Олар барлық пайғамбарлар сияқты (зұлым, қатыгез, сезімталды, таза емес) деген.

Абаасы батырлары адамдарға шабуыл жасап, елдің шырқын бұзып, әйелдерді зорлаған. Олонхода «Әйелді зорлау» - бұл осы елдің халқын жерге таптау, мазақтау деп көрсетілген. Сондықтан Абаасы батырларының барлығының бойында адамға тән емес ерекше қасиеттердің болатыны даусыз. Олар тайпада өзара адами қарым –қатынаста болған.

Олонхосут-жыршылар өз заманындағы жазбалары мен шығармаларының көлемі жағынан ерекшеленетіндігін түсіндіреді. Мысалы, 1938 жылғы Д.М.Говорова және Н.М.Говорова жазбаларында, ең ірі, көлемді жазылған «Эрбэхтэй Бэргэн» олонхо жырларында, дүниеден өткен Өскемен-Алдан олонхосут-жыршының жағдайын жырлаған, мұнда 20 000-нан астам өлең шумақтары бар, ал 1930 жылғы Г.В.Данилованың жазылған халық ауыз жазбасында – 3255 өлең шумағы көрсетілген. Сахалардың бірінші олонхо-жырлары 1851 жылы жарияланды (неміс тіліндегі аудармасымен). Бұл О.Н.Бётлингтің ғылыми жобасының қосымшасында саха тілінде жазылып, жарық көрген болатын, кейін А.Ф.Миддендорфтың «Солтүстік және Шығыс Сібір» атты экспедициялық материалында қайта басылды. Бұл саха тілін жетік білетін және халқының салты мен дәстүрін жақсы игерген Якутиядағы Ресей ардагері А.Я.Уваровскийдің ықпалымен 1845-1850 жылдар аралығында Петербургтің ескерткішінде жазылып қалды.

Атақты академик Э.К.Пекарскийдің «Сахалардың халық әдебиетінің үлгісі» атты зерттеуінде олонхоны зерттеу және оқытуға негізделген белгілі еңбегі жарияланған. Э.К.Пекарскийдің саха тілінде III томдық басылымы жарық көрді. Ол қазіргі таңда Олонхо жырының ең ірі басылмаларының бірі болып табылады. [2, 30]

Бірінші томы, бес басылымнан тұрады, оның ішінде Э.К.Пекарскийдің қолдауымен түрлі тұлғамен жүзеге асырылған олонхо жазбалары бар. Көбінесе сауаты төмен жазушылардың себебінен, Э.К.Пекарский жинақты баспаға шығармастан алдын мәтінмен жұмыс жасады.

Екінші томында, Э.К.Пекарскийдің «Үлгілер» атты жинағында, И.А.Худякованың «Верхоянский жинағын» енгізді. Баспадан шығарардан алдын Сахалардың түпнұсқасымен бекітілді.

Үшінші томында, Пекарский тек бір ғана баспасын жарыққа шығарды. Бұған «Строптивный Кулун Куллустуур» атты олонхо жыры кірді.

20 ғасырдың басында Э.К.Пекарский «Хаан Дьаргыстай» атты жаңа олонхо жырын дайындады, бірақ бірнеше себептердің кесірінен баспаға шықпады. Э.К.Пекарскийдің ықпалымен, Якутия эпостық жырын оқытындардың барлығына арналған анықтама –сөздігі "Саха тілінің сөздігі" жарық көрді. Мұнда өзінің ғылыми жетістіктеріне орай саха сөздігінің жан-жақты мағынасы мен бірмезгіледгі маңызды, революцияға дейінгі энциклопедиялық мәліметтері талқыланатын сөздері қарастырылған.Сөздікте қысқаша (ал кейде, қажетті сөздері толық жазылған), мұндағы олонхо жырының түсінігі мен үлгілері сипатталған, ал өсиет сөздерінің үлгісі эпикалық мәтінде нақты аударылған.

С.В.Ястремскийдің саяси ізденісі негізінде олонхо жыры аударылып, бірнеше баспа жұмыстары жүзеге асырылған. Өзінің «Сахалардың халық әдебиетіндегі үлгілер» атты үш олонхо жинағын орыс тіліне аударып, ал қалған екі олонхоның «Үлгілерін» Э.К.Пекарскийдің жеке жазбасында іске асырылды. С.В.Ястремскийдің жазбасындағы Якутия мәтіні үш олонходан тұрады, ол толық баспаға шыққан жоқ. Тек мәтіннен үзінділері ғана жарық көрді. Ол С.В.Ястремскийдің «Саха тілінің грамматикасы» атты баспасының қосымшасында жарияланған.

Отызыншы жылдары, Якутия елінің ғалымы, қоғам қайраткері және ақын-сагері, Тіл және әдебиет институтының директоры П.А.Ойунский ең ірі жобалық зерттеу жұмысына жетекшілік етіп, олардың интенсивтілігін, батырлар жырын жазып алды. Оның өзі де дарынды жырау болатын. Ойунский өзінің балалық шағында, олонхо жырына қызығушылық танытқан, қызығушылығы жылдан –жылға артып, уақыт келе кәсібі жыршы

олонхосутқа айналды. 20 жылдардың аяғы – 30 жылдардың бас кезеңінде, Ойунский естелік ретінде "Нюргун Боотур Табанды" атына естелік жазып, мұнда сауатты сахалар үлесін қосқан.

Сахалардың ішінен Олонхо жырын алғаш зерттеген ғалым П.А.Ойунский, ол өзінің «Саха ертегісіндегі (олонхо) жырын және оның сюжеті мен мазмұны» атты мақаласын 20-шы жылдары жариялады. Кейінірек, сахалардың «олонхо жыры» туралы бірқатар жұмыстар Мәскеуде, Ленинградта баспаға шықты. Қазіргі таңда саха эпостық жырының интенсивтілігі жалғасуда.

Зерттеулерде олонхоның көлемі және жыршылар туралы мәліметтер, олардың импровизациялық дарыны мен шеберлігі үнемі айтылып отырған. Мысалы, XIX ғ аяғы мен XX ғ., басында өмір сүрген И.Охлопков айтуы бойынша: олонхосут жырлары Бяртъ-Усовский ауылы, Борогон Ұлысы (бұрыңғы Өскен –Алдан ауданы) жыры сағаттар бойы айтса да, түні бойы айтып үлгермеген, аяқталмайтын жыр-дастан болатын, яғни (сипаты бойынша, батырдың тұрағы мен жергілікті жері, оның қалайша осында тап болғандығы) туралы айтылған.

Сонымен қатар, А.Я.Уваровский де олонхо жырын жазған. Мұндағы халық ауыз аңыздары Э.К.Пекарскийдің "Үлгілерінен" алынған, ал кеңес үкіметі кезінде – басқа да көптеген олонхо жырларын жазған. "Нюргун Боотур Табанды" эпостық жыры – бірден –бір ең танымал жазбалардың бірі болған (оның көлемі –36 000 шумақ қатарынан астам). П.А.Ойунскийдің "Нюргун Боотур Табанды" атты олонхо жырын басынан аяғына дейін өлең шумақ ретінде жазған, ал қалған олонхо жырлары прозамен байланысып кеткен.

Кеңес Үкіметі кезіндегі атақты олонхо жинақтаушылар С.И.Боло, А.А.Саввин, А.Ф.Бояров есімдері жоғары дәрежеде аталды. Соңғысы ақын –аудармашы, қоғамдық және саяси қайраткер, Саха АССР білім беру халық комиссары Д.М.Говоровтың жазба деректеріндегі "Тоқтамайтын Күшті Мюлдью" және "Юёлян Батыр" атты халық ертегілерінде баяндалады.

Ұлы Қазан Төңкерісіне дейін социалистік кеңес үкіметі кезінде және алғашқы Кеңес Үкіметі жылдары кәсіби жыраулар кездесетін. Бұларды жартылай кәсіпкерлер деп атаған – олардың әрқайсысы игікті бір шаруаны игерген, көктем және жаз айларында егіншілік жұмысымен айналысқан. Ал күз және қыс айларында олар көрші ауылдарға және ұлыстарға қоныстанған.

Олонхо жырын жан-жақты машықтанған, әртүрлі рөлді орындайтын тұлғалар орындаған. Бұл эпостық жырдың маңыздылығы үлкен әсер қалдырып, жыраулардың өнері, әртістілігі, орындаушылығы, әсіресе әешінің дауысына аса назар аударған. Бұлардың барлығы тыңдармандарды жаулап алу, оларға күш көрсетпеу, көптеген сағат бойы ән айтуға баулу. Олонхо жырын орындауда ән айту мен декламация кезектесіп орындалады.

Декламация – кейіпкердің репликалық іс-әрекетіндегі әңгіме стилі, мән-жайды айтушы тұлғаның қысқаша суреттеп беру сипаты, оны ән жырмен жеткізу жолдары. Жырау бір монтонды дыбыс ырғағымен жеткізеді. Мұндай декламация оқу өнеріне жақын. Ол кейде жылдам, кейде баяу орындайды, кейде дауысын көтеріп, кейде төмендетіп орындайды (бірақ айғайламай және сыбырламай) бәр қалыпты ырғақпен орындайды. Декламация бөлімі аяқталған кезінде, дыбыстары бәсеңдейді, ол кезде шулы толқын сияқты дыбыс береді, кейде тасқа соғылған дыбыс береді. Декламацияның бұл түрі кіріспеге кең сипаттама берген кезінде, сол сияқты кейіпкердің іс-әрекетін сипаттаған кезінде, оны жоланда кездескен кездегі Батырдың шынайы бет –бейнесін, қайсарлығын, оның қарулы екен және т.б. суреттеп береді.

Басқаша айтқанда, абаас құбыжықтарына шабуыл жасау, мемлекетті жамандықтан, ал адамдарды қайғы мен қасіреттен сақтау мақсатында олонхо айтылады деп сипаттаған. Олонхо жырының бір бөлігін айтқан кезінде, олонхо айтқан кезінде оның дауысы қатты дыбысталады, кейде үзіп- үзіп айтылады. Ал, ән айту бөліміне келген кезінде, әрекет етіп отырған тұлғалардың барлығына қатысты манологтар айтылады. Монологты -ән ретінде

жеткізеді, мұнда бір немесе бірнеше батырларды мысалға ала отырып, оларды үнемі жанымызда болмайтындығын атап өтіп, (мысалы, батыр, Төменгі әлемдегі (о дүниедегі) – тозақтан құтылу үшін, Ортаңғы және Жоғарғы әлем тұрғындарынан көмек сұрау мүмкіндігі тарулы) жырлаған. [3, 25]

Ғибадат етуші қаншалықты алыста болғанымен, оның дауыстап айтқан өтініштері есітеледі деп, есептеген.

Монолог әртүрлі көлемде болуы мүмкін. Бір өлең шумағын салыстыратын болсақ, қысқаша, үш- төрт шумақты қатардан тұрса, ал өте ұзын жолды өлең - екі жүз, үш жүз, ал кейде оданда жоғары төрт жүз қатарлы шумақтан жазылған.

Ең ірі монолог - батырдың басынан өткен оқиғаны және оның өзі мен басқа кейіпкер арасындағы тарихты жырлайтын, батырлар жырын айтуға болады.

Монологты -әннің бүкіл мәтінін ұсыну үшін, мысал ретінде мыналарды көрсетуге болады, мысалы: "Тоқтамайтын Күшті Мюльдю" атты олонхо жырында, Д.М.Говоров шығармасында 61 монолог, 7434 шумақтан оның ішінде 19 271 қатардан тұратын мәтінді өлеңдері бар. Бұл олонхо жырының бірден үш бөлігін қамтитын ән болып табылады.

Басқа да эпостарға жақындау және осыған ұқсас жырлары да бар. Бірақ, монолог - әнді орындау барысында үнемі қысқартылып отырған. Олонхо айтушы жыраулар бір түнде кемінде 25-30 монолог -әнді орындауы тиіс болған, жалпы көлемі үш мың ға жуық қатардан тұратын өлең –жырды орындаған.

Олонхо батырлар жырын самғаған құсқа да, жануарларға да теңеп айтады. Ұлттық пероснаж үлгілері де бар, мұнда құстың да, жануардың да іс -әрекеттерін суреттеп береді. Мұндағы батырды бүркітке, қыран құсқа теңейді, батыр қызда – сібірдің ақ тырнасына теңейді; әйелді – жаршы – кішкене құсқа теңейді; құбыжық әйелді абаасты, сол сияқты соғыс құдайын – қатерлі қара қарғаға теңеген. Батырды аюға, қасқырға, бұланға теңеген. Одан басқа адам тілінде айтылған олонхо жырында батырдың аты ән салғанын сипаттаған.

Сонымен қатар, олонхосут жыршылары, монолог -әннің басында және соңында: құстың, жыртқыш аңның, жануарлардың дауыстарын салуға тырысқан.

Олонхо негізінен адамдардың болашағының жақсы болсын деген мақсатта: тең-теңімен, сүйгенімен үйленсе (тұрмысқа шықса) деген үмітпен орындайды. Адамдар Құдайға налына бастаса, онда жоғарыда аталған Құдайлардың барлығы, Дьылга Хааның тағдырын Құдай алдын-ала белгілегенін білсін және соның өктемдігіне сәйкес әрекет етсін, бағынсын деп атап кеткен. Ол туралы, Э. К. Пекарский сөздігінде былай делінген: "Жоғарыда билік етуші тәңір... аспанда өмір сүруші бас соты... адам өмірін – тағдырын алдын-ала белгілеп, анықтап қоюшы ... Аллах тағала, адамды өз қарамағында ұстайды "деген.

Якутия халқының олонхосы - халықтың тұрмыс – тіршілігін, табиғатын, өздерін әлемге таныту мақсатында өлең –жырмен жеткізіп берген.

Олонхо мифологияға бай екені - күмән туғызбайды, себебі ежелгі саха эпикасының сол дәуіріндегі жағдайларды көркем өрнекті мифологиялық аңыз түпнұсқасына сәйкес жеткізіп берді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ойунский П. А. Якутская сказка (олонхо), ее сюжет и содержание.-Якутск,-1962. -190.
2. Еремеев В.П. Мифологические персонажи в якутских сказках. Мифология народов Якутии. – Якутск, ЯФ СО АН СССР, 1980. -С.53-59.
3. Уткин К.Д. Культура народа саха. – Якутск: Бичик,-1998С.178-205.
4. Пухов И.В. Якутское героическое олонхо м эпос алтайцев. – Якутск, -1970. –С.116-120.
5. Худяков И.А. Краткое описание Верхоянского округа. Л., -1969. С.118.